



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Макросауалнама: сарапшылар инфляция, ЖІӨ және базалық мөлшерлеме бойынша болжамдарын айтты

Астана

2024 жыл, 3 қазан

Қазақстан Ұлттық Банкі сарапшылар қауымдастығы арасында жүргізілген кезекті макроэкономикалық сауалнаманың нәтижесін [жариялады](#).

Brent маркалы мұнайдың бағасы, Қазақстан экономикасының өсуі, инфляция, базалық мөлшерлеме, тауарлар мен қызметтердің экспорты және импорты, сондай-ақ теңге бағамы – сауалнаманың негізгі параметрлері болды.

Қыркүйекте **мұнай бағасы** бойынша сценарий шарттары барлық болжамды кезеңде төмендеу жағына қарай қайта қарастырылды. Осылайша, Brent маркалы мұнай бағасы бойынша респонденттердің 2024 жылға күтулері орташа жылдық есеппен барреліне – 83,5-тен **80** АҚШ долларына дейін, 2025-2026 жылдарға – 80-нен **75** АҚШ долларына дейін төмендеді.

2024 және 2025 жылдарға арналған Қазақстан экономикасының өсіміне қатысты болжамдар **4%** және **5%** деңгейінде сақталды, ал 2026 жылға болжам 4,4%-дан **4,5%**-ға дейін біршама өсті.

Респонденттер 2024 жылға арналған инфляцияға қатысты болжамдарын 8%-дан **8,4%**-ға дейін көтерді, ал 2025 жылға – 6,9%-дан **6,7%**-ға дейін төмендетті. 2026 жылы инфляция бұрынғыдай **6%** деңгейінде күтілуде.

Сарапшылар жоғары базалық мөлшерлеме бұрын күтілгеннен сәл ұзағырақ сақталады деп күтеді. Осылайша, 2024 жылға күтулер жылдық орташа 14,5%-дан **14,6%**-ға дейін, 2025 жылға – 11,9%-дан **12%**-ға дейін, 2026 жылға – 10%-дан **10,1%**-ға дейін өсті.

Сауалнамаға Қазақстан аумағында макроэкономикалық көрсеткіштерді талдаумен және болжаумен айналысатын [15 ұйым](#) қатысты. Респонденттердің қатарына нарықтың кәсіби қатысушылары, зерттеу институттары, халықаралық ұйымдар мен рейтингтік агенттіктер кіреді.

Макроэкономикалық сауалнамаға Ұлттық Банк болжамдары кірмейтінін еске саламыз. Онда қазақстандық және әлемдік нарықтардағы ахуалдың даму барысына қатысты **нарықтағы кәсіби қатысушылардың тәуелсіз пікірлеріне**, бағалауларына және күтулеріне шолу жасалады.

Толығырақ Ұлттық Банктің [интернет-ресурсында](#)

БАҚ өкілдері толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz